

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған
**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үлгісіне сәйкес
мектепалды дайындауды ұйымдастыру»**
біліктілігін арттыру курстары

Бағдарлама авторлары:

- Жиенбаева Сайра Нагашибаевна педагогика ғылымдарының докторы

Бағдарлама мыналарды ескере отырып құрастырылған:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары;

- Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптары.

**Образовательная программа курса повышения квалификации
«Организация дошкольной подготовки в соответствии
с моделью развития дошкольного воспитания и обучения»
для педагогов организаций дошкольного образования**

Жоба

Жалпы ережелер

1. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес мектепалды дайындауды ұйымдастыру» курсының бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы) мектепке дейінгі ұйымдарында нормативтік құқықтық – құжаттардағы өзгерістерді ескере отырып педагогтердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға ықпал етеді және олардың кәсіби күзіреттілігін дамытуға бағытталған

2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес мектепалды дайындауды ұйымдастыру» курсының бағдарламасы тыңдаушылардың мектепалды сыныптардағы педагогикалық процестерді ұйымдастыру, «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйым педагогтарының теориялық және практикалық даярлығының бірлігін, кәсіби құзыреттілігі қамтамасыз етіп, «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсан) педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырудың басым бағыттары ескеріліп құрылған.

Глоссарий

1) мектепке дайындық – бұл физикалық, интеллектуалдық, психологиялық және тұлғалық дайындық сияқты компоненттердің бірлігі; бірінші сыныптағы оқушылардың бейімделу қиындықтарын жеңудің алғышарты қалыптасатын маңызды кезеңі;

2) ойын арқылы оқыту – әлеуметтік тәжірибеге негізделген, адамды белгілі бір жағдайға қою арқылы оның бойында өзіне тән емес жаңа қасиеттерді дамытып, оның мінез-құлқын қалыптастыру; ойын әрекеті – рөлдік ойын, ережелі ойын және басқа да ойын түрлері арқылы оқыту;

3) коммуникативтік дағдыларды дамыту – балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

4) танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық, зияткерлік және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту;

5) мектепке дене дайындығы - бұл күнделікті жаттығу жүктемелері балаға зиян келтірмейтін және оған шамадан тыс стресс пен шамадан тыс жұмыс жасамайтын барлық дене жүйелерінің даму деңгейі;

6) үлгілік оқу бағдарламасы – әрбір ұйымдастыру іс-әрекеті бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен күтілетін нәтиже мазмұнын мен көлемін айқындайтын құжат;

7) үлгілік оқу жоспары – әрбір жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат;

8) циклограмма – әр аптаға құрастырылады, ол балаларды қабылдаудан, балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін өткізуден, серуен, күндізгі ұйқы және балаларды үйге кеткенге дейінгі барлық күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді;

9) мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық – бұл баланың тиімді прогрессивті дамуын, оның осы кезеңде табысты тәрбиеленуі мен білім алуын қамтамасыз ететін білім берудің әрбір құрамдас бөлігінің (мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдастыру формалары) байланысы мен жүйелілігі, біріздігі.

10) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз ойларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдар жиынтығынан тұратын орта;

11) шығармашылық-зерттеу дағдыларын дамыту – балалардың өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, бейнелеу өнер түрлері туралы түсінігін, өзіндік шығармашылық іс-әрекетінде дәстүрлі емес тәсілдерін меңгеруді қамтамасыз етеді;

12) әлеуметтік-эмоционалды дағдылар – тәрбиеленушілердің оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

13) ұйымдастырылған іс-әрекет – бұл Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, оның ішінде білім беру бағытын ескере отырып, бала әрекетінің әртүрлі түрлері (ойын, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек) арқылы педагогтің ойын түрінде ұйымдастыратын әрекеті.

Бағдарлама тақырыбы

3. Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

3. Бағдарламаның мақсаты: балаларды мектепке дайындауда педагогикалық процесті ұйымдастыру аспектісінде педагогтердің кәсіби-педагогикалық дайындығын жетілдіру педагогтарының қызметін және кәсіби біліктілік деңгейін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды мектепалды дайындық топтарға (сынып) арналған жаңа мазмұны заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен, мектепалды дайындық топтарда (сынып) педагогикалық процесті ұйымдастырудың теориялық аспектілерін, мазмұнын, заманауи педагогикалық технологияларымен таныстыру;

2) мектепалды дайындық топтар (сынып) педагогтерінің біліктілігін арттыру арқылы кәсіби біліктілігін жетілдіру;

3) мектепалды дайындық топтарының (сынып) білім беру-тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудың инновациялық әдіс-тәсілдерімен таныстыру;

4) мектепалды дайындық топтардағы (сыныптар) ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ойын арқылы оқыту және интеграция ұстанымдарымен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгерту;

5) балаларды мектепке психологиялық, зияткерлік, әлеуметтік дайындауда педагогтерге педагогикалық, әдістемелік сүйемелдеуге практикалық көмек көрсету.

6) балаларға үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсы аяқтағаннан кейін білімдері жаңартылады және кәсіптік құзыреттілік дағдылары жетіледі.

5. Тыңдаушылар мынаны білетін болады:

1) мектепалды дайындық топ (сынып) педагогтері нормативтік құқықтық актілеріндегі өзгерістерді және оның басты басымдықтарының мәнін;

2) тыңдаушылар үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық топтардың (сынып) мазмұнын, үлгілік оқу жоспарындағы жүктемені оны ұйымдастырудың тиімді формаларын, әдістерін, технологияларын;

3) мектепалды дайындық топтардағы (сынып) ұйымдастырылған іс-әрекетінің барлық түрлерін (қарым-қатынас, қимыл, дербес, зерттеу, ойын, шығарамашылық, танымдық, еңбек, эксперимент, өзіне-өзі қызмет ету) кешенді ұйымдастыра және оқу бағдарламасына нұсқаулықты шығармашылықпен қолдана алуды;

4) мектепалды дайындық топтағы (сынып) балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашудың тұғырларын және оның педагогикалық дизайнын құра біледі;

5) мектепалды дайындай топтардағы (сынып) балалардың қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастырудың ерекшелігін және технологиясын;

6) баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктерін;

7) баланың даму жағдайын анықтаудағы психологиялық-педагогикалық диагностикасын, мониторинг жүргізу әдістемесін;

8) балалардың командада бірлесіп әрекет етуін, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қызмет арқылы өзара қарым-қатынас психологиясын;

9) мектепалды дайындық топтарда (сынып) заттық-дамытушы ортаны құра білуді, педагог пен балалардың, балалар мен балалардың бірлескен өзара әрекетін;

10) мектепалды дайындық сыныптың білім беру-тәрбиелеу процесіне ата-аналарды араластыруды білуі қажет.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 4 (төрт) негізгі модульден тұрады:

- 1) нормативтік құқықтық модуль;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) теориялық-технологиялық;
- 4) практикаға бағдарланған.

7. Нормативтік құқықтық модуль мектепалды дайындық сыныптарына арналған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі өзгерістер, мектепалды дайындық сыныпта білім беру мазмұнымен және баланың қажеттілігі мен қызығуын ескеріп ойын арқылы және кешенді ұстанымдар негізінде ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік мәселелері қамтылады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) стандарттағы және үлгілік бағдарлама бойынша мектепалды дайындық сыныптарының жаңа білім мазмұнын іске асыратын педагогтердің қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері;

2) нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістер және баланы мектепке дайындаудың жаңа бағыттары мен қағидаттары;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепалды дайындық топтарда (сынып) тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы, үлгілік жоспардағы өзгерістер мен толықтырулар.

8. Психологиялық-педагогикалық модуль балаларды мектепке дайындаудың теориялық негіздері, мектеппен сабақтастығы, мектепалды балаларының мектепке дене, психологиялық, тұлғалық, мотивациялық, әлеуметтік, интеллектуальдық, танымдық дайындықтары мәселелері қамтылады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

- 1) баланы мектепке дайындау, мектеп пен мектепке дейінгі ұйымның сабақтастығы ұғымдары және оның психологиялық, педагогикалық мәні;
- 2) балаларды мектепке дайындаудың басым бағыттары және ұстанымдары;
- 3) мектепалды балалардың жас, психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізудің жаңаша бағыттары;
- 4) мектепалды дайындық топтағы (сынып) баланың мектепке арнайы дайындығы.

9. Теориялық-технологиялық модуль педагогикалық технологияларын, мектепалды топтарының (сынып) баланы кешенді дайындаудың мазмұны мен әдістемесін, оларды қолдану ерекшеліктері, негізгі күтілетін нәтижелердің мәнін ашады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

- 1) мектепалды дайындық топтың (сынып) игеретін дағдыларының бағыттары және мазмұны;
- 2) инновациялық педагогикалық технология;
- 3) мектепалды дайындық топтың (сыныптың) мектептегі 1-сыныппен және ата-аналармен бірлескен жұмысы;
- 4) перспективтік жоспар, циклограмма жазудың жаңаша бағыттары және заттық дамытушы ортаны үшінші педагог ретінде құру.

10. Бағдарламаның практикаға бағдарланған модулі практикаға бағдарланған білімге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге, білім алушының тұлғасын әлеуметтендіру бойынша практикалық сабақтар барысында меңгеру мүмкін болатын инновациялық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Модульдің болжамды тақырыптары:

- 1) мектепалды дайындық тобында (сынып) кешенді ұстанымды және ойын арқылы оқыту технологиясын пайдалану арқылы балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- 2) балалардың тақырыпты таңдауы және жобалар;
- 3) мектепалды дайындық топтарында (сынып) «Сауат ашу негіздерін» ұйымдастырылған әрекетін ұйымдастыру әдістері, дыбыстық талдау әдісі;
- 4) мектепалды дайындық топтарында (сынып) «Математика негіздерін» ұйымдастырылған әрекетін ұйымдастыру әдістері;
- 5) мектепалды дайындық топтары (сынып) ата-аналарын тартудың инновациялық әдістері.

Бағдарлама тақырыптары

№	Модульдердің аталуы	Академиялық	Оның ішінде	
			теория	практика

		сағатт ар саны		
1.	Нормативтік құқықтық модуль	8	8	0
1.1.	Кіріспе. Мектепалды дайындық топтарда (сынып) білім беру-тәрбиелеу процесінің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы	2	2	-
1.2.	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектепалды дайындау мәселесі. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Педагог лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары. № 338 бұйрық	2	2	-
1.3.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат	4	4	-
2.	Педагогикалық-психологиялық модуль	12	4	8
2.1.	Балаларды мектепалды дайындаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері. Балалардың дене, психологиялық және арнайы дайындығы	3	1	2
2.2.	Балалардың мектепке дайындығының сипаттамасы Балалардың мектепке даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	3	1	2
2.3.	Мектепалды дайындық сыныптарын білім беру ортасын құрудың психологиялық-педагогикалық мәні	3	1	2
2.4.	Мектеп жағдайында балаларды мектепалды дайындықты ұйымдастыру тәсілдемелері (тұғырлары)	3	1	2
3.	Теориялық технологиялық модуль	26	10	16
3.1.	Мектепалды балаларының мектепке физикалық дайындығы және оның құралдары. Денсаулық сақтау технологиясын қолдану	5	2	3
3.2.	Мектепалды дайындық топтарында коммуникативтік дағдыларды дамытудың, сауат ашу негіздерін меңгерту әдістемесі. Балалардың мектепке тілдік дайындығы.	5	2	3
3.3.	Мектепалды балаларының танымдық және зияткерлік дағдыларын және бастапқы математикалық білімін дамыту әдістемесі. Сенсорлық мәдениетін қалыптастырудың заманауи технологиялары. Мектепалды балалардың интеллектуальдық және танымдық дайындығы	5	2	3
3.4.	Мектепалды балаларының шығармашылық зерттеу іс-әрекетін қалыптастырудың кешенді және ойын арқылы ұстанымдары арқылы ұйымдастыру әдістемесі. STEM білім беру және мультфильм құрастыру. Заттық дамытушы орта үшінші педагог	6	2	4

3.5	Мектепалды балаларының әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту әдістемесі. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру және құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі. Балалардың мектепке тұлғалық, әлеуметтік дайындығы. Ата-аналармен бірлеске жұмыстар	5	2	3
4	Тәжірибеге бағдарланған модуль	34	8	26
4.1.	Мектепалды дайындық топтарда (сыныпта) үлгілік жоспар бойынша сабақ кестесін құру. Ұйымдастырған әрекетті кешенді және ойын арқылы өткізудің ерекшеліктері. Шебер сынып	5	1	4
4.2.	Мектепалды балаларының апталық тақырыпты таңдауы және жобалары. Бастама көтеруге үйрету жолдары	5	1	4
4.3.	Мектепалды дайындық топтарда (сыныпта) денешынықтыру ұйымдастырылған әрекетін денсаулық сақтау технологиясымен құру. Шебер сыныптарды талдау (бейне жазба)	4	1	3
4.4	Мектепалды дайындық топтарында (сынып) «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған әрекетін ұйымдастырудың заманауи әдістері, дыбыстық талдау (Шебер сыныптарды талдау)	6	2	4
4.5	Мектепалды дайындық топтарында (сынып) «Математика негіздері» ұйымдастырылған әрекетін ұйымдастыру әдістері. Санау және есептеу әрекетінің ерекшеліктері	5	1	4
4.6	Мектепалды дайындық топтары (сынып) ата-аналарды тартудың инновациялық әдістері. Заттық-дамытушы ота құру	5	1	4
4.7	Мектепалды дайындық топтардағы (сыныптарда) педагогикалық мониторинг. Білім сапасын бағалау құралдары. ECERS-3 құралы	4	1	3
	Барлығы - 80	80	30	50

Оқу процесін ұйымдастыру

11. Біліктілікті арттыру курсы күндізгі оқыту тәртібінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы 80 сағатты құрайды.

12. Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау үшін:

- 1) өзіндік жұмыс;
- 2) жобаны презентациялау;
- 3) зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды бағалау және басқалар жүргізіледі.

7. Бағдарламаның оқу - әдістемелік қамтамасыз етілуі

13. Бағдарлама мазмұнын игеру мақсатында әзірленген материалдар:

1) тыңдаушыға арналған нұсқаулық – бұл курс тыңдаушыларын курстық оқыту және курстан кейінгі қолдау үдерісінде қолдануға арналған оқу-әдістемелік құрал;

2) тыңдаушыға арналған слайдтар, бейнежазбалар және мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесінен практикалық үлгі материалдар;

3) таныстырылым материалы – көрнекі/графикалық формада ұсынылған негізгі материал.

4) үлестірме материал – тыңдаушылардың курстық оқыту процесінде немесе өзіндік жұмыс кезінде пайдаланатын оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы;

5) мақала және эссе жазу үлгілері ұсынылады.

Оқу нәтижелерін бағалау

14. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – тәрбиеші педагогтар орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін түсінеді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалады, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауға бағыт алады, әріптестерімен пікір алмасады, ой бөліседі, тәжірибе жинақтайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – тәрбиеші педагогтар орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін жете түсінбейді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалуда енжар, белсенділігі төмен, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауда қиындықтар туындайды, әріптестерімен пікір алмасуда ойларын ортаға салмайды, тәжірибе жинақтай алмайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

15. Курс сабақтарын өткізу нысандары: дәрістер, диалог-дәрістер, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, тренингтер, жобаларды қорғау, мультимедиялық презентациялар, интерактивті әдістер, квест, практикалық талдау, шағын топтағы жұмыстар; шеберлік сағаттары, дискуссия және тағы басқа.

16. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері.

17. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды;

тәрбиелеу мен білім беру сапасын қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгереді;
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттерін шешу үшін қалыптасқан құзіреттілікті қолдануға дайындығын көрсетеді.

Курстан кейінгі қолдау

18. Курстан кейінгі қолдау нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу үш жылда кемінде 1 рет жүргізіледі.

19. Біліктілікті арттыру курсынан алған білімдері мен дағдыларын білім беру ұйымдарында педагогикалық тәжірибеде қолдануда педагогтерге әдістемелік бағытта жеке және ұжымдық кеңес беріледі, қолдау көрсетіледі.

20. Курстан кейінгі әдістемелік қолдау университетінің профессор, оқытушылар құрамының курстан кейінгі кезеңде педагогке атаулы ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуіне бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар, іс-шаралар өткізіледі.

21. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда кеңес беру;

3) педагогтердің педагогикалық қызметін ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) өткізу.

4) тәрбиешілердің, білім беру ұйымдарының білім беру қажеттіліктерін талдау және оларды курстық іс-шараларды дайындау кезінде ескеру;

5) тыңдаушылардың дайындық деңгейінің кіріс диагностикасы, олардың кәсіби қиындықтары;

6) білімді игеруді ағымдағы және аралық бақылау;

7) тыңдаушылардың оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуына, оқыту сапасына тікелей курс барысында қанағаттануын зерттеу.

22. Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен әдістері:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға байланысты барлық өзгерістер туралы педагогтарды әдістемелік қолдау және уақтылы хабардар ету үшін: - әр түрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts) ;

қалалық, аймақтық, республикалық мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

23. Курстан кейінгі қолдау ресурстық қамтамасыз ету үшін:

курс тақырыбы бойынша электрондық материалдар (әдістемелік құралдар, тірек материалдар, интернет-дереккөздердің сілтемелері және т. б.) педагогикалық басылымдарға мақалалар жарияланады.

24. Кәсіби даму траекториясын іске асыру үшін:

Мектепалды дайындық бойынша мектепке дейінгі ұйым, мектеп жағдайындағы сынып сұраныстары бойынша кеңес, шығармашылық дәрістер ұйымдастырылады;

авторлық, үлестік, вариативтік бағдарламалар дайындауға бағыт беріледі, пікір жазылады;

мектепалды балаларға арналған шығармашылық ойындардың (авторлық құқық) электрондық картотекасын бірлесіп әзірлеу (білім беру саласы, таңдауға болатын жас тобы);

мектепалды топтың (сынып) заттық-кеңістіктік дамыту ортасының сапасын бағалауға қатысады.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Бала құқығын қорғау Конвенциясы - 1989 жылы 20 қараша. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

5. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_

6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

8. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015893>

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

10. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

12. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172>

13. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

14. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық

және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы (DOCX 127 Kb)

15. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

16. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 Бұйрығы.

17. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ. 2022ж. – 32 бет.

18. Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы. Мектеп. 1992.

19. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана. Фолиант. 2014.

20. Козлова С.А., Куликлава Т.А. Дошкольная педагогика. Москва. Академия. 2002.

21. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К. А.Ж., Сыздықбаева. Мектепке дейінгі педагогика//Оқу құралы-Алматы, Альманах, 2018 – 269 б.

22. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012 ж. - 220 бет.

23. Мухамеджанова А.Ж., Жубандыкова А.М.. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясымын мен әдістемесі. Оқу құралы, Алматы-2018-344 б.

24. Баймұратова Б., Таубаева Ғ.З. Қазақ балалар әдебиеті. Оқу құралы. А: Мектеп баспасы, 2012 ж.

25. Рүстемова Ж.А.. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. А: Эверо, 2018.

26. Микляева Н.В. Дошкольная педагогика. Теория воспитания: учеб. пособие для студ. учрежд. высш. проф. образования». – М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 208 с.

27. Игра в жизни дошкольника /Н. В. Нищева.– М.: Детство Пресс, 2020 – 240 с.

28. Гербова В.В. «Развитие речи у детей 4-6 лет. Учебное наглядное пособие для работы с детьми дошкольного возраста. 2017 г.

29. Жиенбаева С.Н., Жумабекова Ф.Н т.б. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық қызметке мектепке дейінгі білім беру мамандарын дайындау. 2022 жылғы 31 мамыр.

30. Салиева А.Ж., Токатлыгиль Ю.С., Жумабекова Ф.Н. Мамбеталина А.С., Кармелюк А.В. «Модернизация научно-исследовательской подготовки

специалистов дошкольного образования в высшей школе» (коллективная монография). Нур-Султан: ТП Булатов А.Ж, 2021.-200 с

31. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиені дамытудың маңызды мәселелері. Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «Заманауи қоғам және педагогикалық білім беру» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 22-сәуір, 2022 ж. ISBN978-601-337-659-2. 400-403 б

32. Управление дошкольным образованием: учебник и практикум для вузов / Н. А. Виноградова [и др.]; под редакцией Н. А. Виноградовой, Н. В. Микляевой. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2020.

33. Бодренко, Г. В. Управление дошкольной образовательной организацией в современных условиях как фактор эффективности образования и воспитания // Вопросы дошкольной педагогики. — 2018. — № 2 (12). — С. 1-3. — URL: <https://moluch.ru/th/1/archive/87/3110/>

34. Жиенбаева С.Н. Сауат ашу негіздері. № 1 әліппе-дәптер. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 6-7 жастағы балаларға арналған – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2018. – 52 бет, суретті. ISBN 978-601-01-3468-3

35. Жиенбаева С.Н Мектепке дейінгі балаларды еңбекке баулу. Әдістемелік құрал. - Алматы: Нұр-Принт, 2007

36. Жиенбаева С.Н Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі. Монография.- Алматы: Даир баспасы, 2008 – 339 б.

36. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың теориялық негіздері. Монография.- Алматы: Даир баспасы, 2008 – 259 б.